




## Қалыпты өзгеріс

Валюта түрі өзгергенде, барлық банкноттар, яғни ескісі мен жаңасы өздерінің толық құнын сақтайды. АҚШ банкноттары айналымнан шықпайды не болмаса құнсызданбайды. Құрама Штаттар өз валютасын еш уақытта құнсыздандырмаған емес және ол қазір де орын алмайды. Жаңа валюта айналымға енгізілгенде, ескі банкноттар банкіге қайтарылып, АҚШ-тың Федералды резерв банкісі арқылы айналымнан шығарылып отырады. Айналымдағы серияларды жана серияларға айырбастауда ешқандай уақыт шектеуі немесе талаптар қойылмайды.



Жаңа валютаның үлгісі туралы мәліметтер алғыңыз келсе мына сайтқа кіріңіз:  
[www.moneyfactory.com/newmoney](http://www.moneyfactory.com/newmoney)

Ақшаның жаңа түсі  
 Жақсырақ Қорғалған.  
 Тиянақтылау. Қауіпсіздеу.

[www.moneyfactory.com/newmoney](http://www.moneyfactory.com/newmoney)





Құрама Штаттар үкіметі 2003 жылдың соңына қарай жаңа үлгі мен қорғау ерекшеліктері бар валюта шығаруды \$20 банкноттан бастайды.

Жаңа үлгідегі валюта жақсырақ қорғалған, тиянақтылау, қауіпсіздеу; жақсырақ қорғалған болғандықтан жаңа банкнотты жасанды жолмен жасау қиынға түседі, әрі оны тексеру оңайырақ болады; жалған ақша жасаушылардың ырқына оңай берілмегендіктен тиянақтылау болып келеді; және АҚШ валютасы біртұтастығын қорғау үшін қауіпсіздеу болады.

Жаңа үлгідегі байқалатын бір өзгешелік – ол артқы фондағы түске өзгерістердің енгізілгендігі, бұл жалған ақша жасайтын адамдарға осы үлгіні қайталауға біршама қиындықтар келтіреді. Осы түс банкноттар құнын ажыратуға жеңілдік жасайды, өйткені әр банкнот құны үшін жеке түс фоны қолданылады.

Енгізілген түс ерекшелігіне қарамастан, дүние жүзіне өте таныс айналымдағы валюта сияқты, жаңа банкнот бұрынғы көлемін, түрін және дәстүрлі американдық жасыл түсін сақтаған.

Сіздің еңбектеніп тапқан ақшаңызды және экономиканы қорғау мақсатында валюта үлгісін үнемі жетілдіру міндеті АҚШ-тың Федералды резерв жүйесі мен Қаржы министрлігіне жүктеледі. Осының кепілі ретінде, біз әрбір 7–10 жылда жаңа ақша үлгісін таныстыруға тырысамыз.

Жаңа \$20 банкнот айналымға енгізілгеннен кейін 2004 жылы жаңа \$50 банкнот, 2005 жылы жаңа \$100 банкнот айналымға шығарылады. \$5 және \$10 банкноттардың жаңа үлгілерін жасау туралы шешім әлі талқылануда, бірақ \$1 және \$2 банкноттардың жаңа үлгілерін жасау әлі жоспарланған жоқ.

# Қорғану ерекшеліктері

1990-шы жылдары таныстырылған үлгідегідей жаңа \$20 үлгі үш өте маңызды қорғану ерекшеліктерін сақтайды, оларды бағалы қағаздарға салынатын белгі, қорғаныс жібі және түстің өзгеруі арқылы тексеру оңай.



### Қорғаныс жібі

Банкнотты жарыққа ұстап, оның арасына салынған және бір жағына қарай вертикалды жүргізілген қорғаныс жібін немесе пластикалық жолақты табыңыз. Егер оған анықтап қараса, банкноттың екі жағынан жіп бойымен "USA TWENTY" сөздерін және кішкентай жалауды көруге болады. Егер оны ультрақұлгін сәулесінің астына ұстаса, бұл жіп жасыл түс береді.



### Түстің өзгеруі

Банкноттың алдыңғы жағынан төменгі оң жақ бұрышындағы «20» санына қараңыз. Банкнотты жоғары немесе төмен аударғанда, өзгермелі түс қызыл-сарыдан жасыл түске өзгереді.

### Бағалы қағазға салынатын ерекше белгі

Банкнотты жарыққа ұстап, ерекше белгіні, яғни Президент Эндрю Джексон портретіне сәйкес көмескі бәйнені табыңыз. Ерекше белгі банкноттың бір бөлігі болып табылады және ол банкноттың екі жағынан да көрінеді.

## ЖАҢА БЕЛГІЛЕРІ



**Түсі**  
Жаңа үлгідегі банкноттан байқалатын бір ерекшелік – негіз фондағы жасыл және шабдалы түстес реңктердің оның екі жағынан да табылуы. "TWENTY USA" сөздері портреттің оң жағындағы фонға көгілдір түспен, ал кішкентай сары 20-лар сөзі банкноттың артқы фонына басылған.



**Еркіндік символдары**  
Банкноттың алдыңғы жағына екі жаңа еркіндік символдары – Америка бүкілтері салынған. Президент Эндрю Джексон портретінің сол жағындағы фонға үлкен көгілдір бүкіт – оның дәуіріндегі салынған және мүсінделген заттардың белгісі ретінде көрсетілген. Портреттің төменгі оң жағындағы кішірек келген металл түстес жасыл бүкіт осы заманға сай өрнек болып табылады. Еркіндік символдары әр валюта құны үшін әр түрлі болады.



**Портрет және виньетка**  
Алдыңғы беттегі Президент Эндрю Джексон портреті айналасындағы сопақша көмкермелер мен майда сызықтар және артындағы Ақ Үй виньеткасы орындарынан жыпжылтылған. Портрет жоғары жылжытылған және нықтары шетке қарай созылған. Виньетка фонына қосымша өрнектер қосылған.

## БАСҚА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Басты үш қорғану ерекшеліктеріне қоса, жаңа \$20 банкнот кейбір бұрынғы үлгі ерекшеліктерін де сақтаған.



### Майда әріптермен жазылған сөздер

Өте кішкентай болғандықтан, майда әріптермен жазылған сөздерді қайталау қиын. Жаңа сипатпен шығатын валютаның майда әріптермен жазылған көрінісі банкноттың жаңа екі жерінен табылады: "USA 20" жазуы көгілдір "TWENTY USA" түрлі-түсті сызығы портреттің оң жағындағы алғашқы үш әріптің шетіне басылған, ал Қазына министрі қойған қолдың төменгі шетінде "THE UNITED STATES OF AMERICA 20 USA 20" сөздері қара түсте болады.



### Төменгі жақ көрінісі

Банкноттың артындағы төменгі оң жақ бұрышындағы үлкен «20» санын оқу оңай.



### Ақша қағазы

Валюта қағазының төрттен бір бөлігі зырдан, төрттен үш бөлігі мақтадан және қызыл мен көк талшықтан тұрады.



### Федералды резерв көрсеткіші

Портрет сол жағындағы мәр бүкіл Федералды резерв жүйесін көрсетеді. Сол жақтағы серия нөмірінен төмен тұрған әріп пен нөмір банкнотты шығаратын Федералды резерв банкі білдіреді.



### Серия нөмірлері

Банкнот алдыңғы жағынан екі рет он бір цифр мен әріптердің қайталанбас қимсуын көруге болады.

Жаңа және ескі үлгідегі банкноттар заңды түрде жүретін валюта болып санала береді. Құрама Штаттар ешуақытта өз валютасының құнын түсірген емес және олай істемейді. Қазіргі айналымдағы \$20 банкнот үш түрлі сипатта болып келеді:

### 1990 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ



### 1990 ЖЫЛҒЫ



### 2004 ЖЫЛҒЫ СЕРИЯЛАРЫ

